



Айсин Сайкен Бақытұлы,
ҚР Заң шығару институты Құқықтық
мониторинг орталығының
жетекші ғылыми қызметкері,
заң ғылымдарының кандидаты



Омарова Назгүл Нұрлыбайқызы,
ҚР Заң шығару институты Құқықтық
мониторинг орталығының
ғылыми қызметкері

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУДЫҢ КЕЙІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Еңбекті қорғау мемлекеттің әлеуметтік саясатының құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес қызметкерлердің қауіпсіздік пен гигиена талаптарына жауап беретін жағдайларда еңбек ету құқықтарын қамтамасыз ету еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып табылады. Қазақстан Республикасының 2007 жылы қабылданған Еңбек кодексінде еңбекті қорғаудың құрамына құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастыру-техникалық, санитарлық-гигиеналық, емдеу-сақтандыру, оңалту және де басқа шаралар кіретін еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау жүйесі ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі талаптарының, осы мәселелер бойынша басқа да нормативтік және құқықтық құжаттар талаптарының сақталуына бақылау жасау мемлекеттік еңбек инспекторларына, еңбек ұжымдарының конференциялары мен кәсіподақ жиналыстарында сайланған еңбекті қорғау жөніндегі қоғамдық инспекторларға және өнеркәсіптік кәсіпорындарда, құрылыс ұйымдарда, ауыл шаруашылығында, республика экономикасының басқа да салаларында жұмыс істейтіндердің арасындағы еңбекті қорғау жөніндегі кәсіби қызметкерлерге жүктеледі.

Нарықтық экономикадағы еңбек жекелеген адамдардың, сонымен бірге тұтастай қоғамдастықтардың, немесе жалпы алғанда бүкіл мемлекеттің өмірінде өзінің әлеуметтік

маңыздылығы бойынша ерекше орын алады. Қазіргі кезеңнің адамдары өз өмірінің басым бөлігін өз әл-ауқаттарының көзі болып табылатын дәл осы жұмысқа, еңбекке арнайды. Осыған орай еңбекті қорғаудың маңыздылығы артып отыр, сонымен қатар құқықтық ғылым тұрғысынан неғұрлым дәл және толық зерттеп, зерделеуді талап етеді [2, 76 б.].

Қазақстан Республикасының Конституциясының 24-бабында әркімнің еңбек ету бостандығына және қауіпсіздік талаптарына сай еңбек етуге құқығы жарияланған. Сондықтан мемлекет бұл талаптарды, еңбекті қорғау және оларды жүзеге асыруға мақсатымен арнайы нормалар арқылы орындайды.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 306-бабына сәйкес, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік саясат мынадай:

1) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін әзірлеуге және қабылдауға;

2) еңбек жағдайларын, оның қауіпсіздігі мен қорғалуын әзірлеу және жақсарту, қауіпсіз техникалар мен технологияларды әзірлеу және енгізу, еңбекті қорғау, қызметкерлердің жеке және ұжымдық қорғану құралдарын өндіру жөніндегі қызметті экономикалық ынталандыру жүйелерін құруға және іске асыруға;

4) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында мониторингті жүзеге асыруға;

5) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау проблемалары бойынша ғылыми зерттеулер

жүргізуге;

6) өндірістегі жазатайым оқиғаларды және кәсіптік ауруларды есепке алудың бірыңғай тәртібін белгілеуге;

7) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын мемлекеттік қадағалау мен бақылауға;

8) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында қызметкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру тәртібін нормативті түрде бекітуге;

9) өндірістегі жазатайым оқиғалардан және кәсіптік аурулардан зардап шеккен қызметкерлердің, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің заңды мүдделерін қорғауға;

10) ауыр жұмыс және өндіріс пен еңбекті ұйымдастырудың қазіргі заманғы техникалық деңгейінде жойылмайтын зиянды (ерекше зиянды), қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыс үшін еңбекақы төлеу шарттарын белгілеуге;

11) еңбек жағдайларын жақсарту және еңбекті қорғау жөніндегі отандық және шетелдік озық жұмыс тәжірибесін таратуға;

12) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі мамандарды даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға;

14) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы біртұтас ақпараттық жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;

15) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа бағытталған.

Әр мемлекет өзінің азаматтарының еңбегін қорғауға құқықты кепілдейді. Ең басты кепілдік қабылданған шаралардың нәтижесінде өндірісте еңбекті қорғаудың жоспарлы түрде үздіксіз, тұрақты түрде жақсаруы тиіс екендігінен көрініс табады. Еңбек жағдайы өзінің ең кең мағынасында еңбек процесіндегі адамның жұмыс істеу қабілеті мен саулығына әсер ететін факторлардың, яғни сыртқы күштердің жиынтығы болып табылады. еңбек жағдайының терминін қолдануда оған әртүрлі мағына беріледі. Шын мәнінде адамға, оның денсаулығы мен еңбек қабілеттілігіне әсер ететін факторлар өте көп. Әлеуметтік-экономикалық факторлар еңбеккерлердің бүкіл қоғамдағы жағдайын анықтайды. Олар Қазақстан Республикасының Конституциясында, мамандардың еңбекақысын, дайындау және қайта дайындау мәселелерін, жалпы заңда әлеуметтік игіліктер мен кепілдіктерді реттейтін еңбек заңдарында орын

табады. Мемлекеттің нормативті-құқықтық актілері бір ауысымдағы жұмыс уақыты ұзақтығын, санитарлық нормалар мен ережелерді, зейнеткерлік және жасөспірім жастағылардың, жүктілік пен босану жеңілдіктерін, көп балалы жанұяларға жеңілдіктер және басқа да еңбек қатынастарына байланысты толып жатқан мәселелерді қарастыруы мүмкін [3, 22-23 б.].

Сонымен қатар, еңбек капиталы халықтың нарықты даму қамтамасыз ететін белгі болып дүниежүзілік қоғамдықпен танылды. Сондықтан мемлекеттік инспекторлардың бақылау жұмысы еңбек құқықтарын бұзушылыққа алдын алуға бағытталған. Сол үшін мемлекеттік инспекторлар ұйымдар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, азаматтардың арыздарын қарап еңбек құқықтарын бұзу жол бермейді.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 321-бабына сәйкес, жұмыс орындарының қауіпсіздік талаптары мына төмендегі талаптарға сай болуы тиіс:

- жұмыс орындары орналастырылған ғимараттар өзінің құрылысы бойынша функционалдық мақсатына және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарына сәйкес келуге тиіс.

- жұмыс жабдығы оның осы түріне белгіленген қауіпсіздік нормаларына сәйкес келуге, оның тиісті сақтандыру белгілері болуға және жұмыс орындарында қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қоршаулармен немесе қорғаушы құрылғылармен қамтамасыз етілуге тиіс.

- авариялық жолдар мен қызметкерлердің үй-жайдан шығу жолдары бос болуға және қауіпсіз аймаққа шығаруға тиіс.

- жұмыс сипатына қарай қызметкердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жұмыс орындары тәуекел дәрежесі ескеріле отырып, дәлме-дәл белгіленуге және оларға бөгде адамдардың кіруін болғызбайтын (шектейтін) құрылғылармен жаратандырылуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Үкімет жүргізілген жұмысынды жоғарғы деңгейге көтеру үшін осы салада қоғамдық бақылау енгізу қажетті деп санайміз. Сол үшін мекемелерде құрылатын бөлімдер құрамына жұмыс берушілер мен қызметкерлердің өкілдері енгізуге ұсынып отырмыз. Ал еңбек қорғау және қауіпсіздік талаптардың қамтамасыз ету мақсатында мекемелердегі еңбекті қорғау жөніндегі мамандардың міндетті түрде жауаптылығы көтеру керек деп санаймыз.

Жоғарыда айтылғанды қорытындылай келгенде, еңбекті қорғау мәселесінің өзектілігін

және ол нормалардың жалпы қоғам игілігі үшін қажеттілігін атап өткіміз келеді.
еңбек етіп жүрген барлық қазақстандықтарға

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы N 251 Еңбек кодексі // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі.
2. Аяганова А.Б. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау құқықтық категориясы салааралық құрылым ретінде. Сборник материалов Международной научно-практической конференции «Государственно-правовые основы политической системы Республики Казахстан и ее влияние на сферу государственного управления в условиях глобализации» 29 октября 2010 года, Астана, 20107 - С. 76-81.
3. Армстронг М. Практика управления человеческими ресурсами / Пер. с англ. под ред. С.К. Мордовина.- 8-е изд.- СПб.: Питер, 2005. - 153 с.



Осы мақалада нормативтік құқықтық актілерді сараптау негізінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғаудың кейбір мәселелері қарастырылған.

Түйін сөздер: еңбек құқығы, еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау.

В данной статье на основе анализа нормативных правовых актов рассмотрены некоторые вопросы охраны и безопасности труда.

Ключевые слова: трудовое право, безопасность труда, охрана труда.

In given clause on the basis of the analysis of normative legal acts some questions of security and safety labor.

Keywords: labor law, labor security, safety labor.

Сайкен Бақытұлы Айсін,

ҚР Заң шығару институты Құқықтық мониторинг орталығының жетекші ғылыми қызметкері,
З.Ғ.К.

Назгүл Нұрлыбайқызы Омарова,

ҚР Заң шығару институты Құқықтық мониторинг орталығының ғылыми қызметкері

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғаудың кейбір мәселелері

Айсін Сайкен Бакытович,

ведущий научный сотрудник Центра правового мониторинга Института законодательства РК,
К.Ю.Н.

Омарова Назгуль Нурлыбаевна,

научный сотрудник Центра правового мониторинга Института законодательства РК

Некоторые вопросы безопасности и охраны труда

Aisin Saiken Bakytovich,

senior research fellow of the Centre of legal monitoring Institute of legislation of the Republic of Kazakhstan, c.j.s.

Omarova Nazgul Nurlybaevna,

Research fellow of the Centre of legal monitoring Institute of legislation of the Republic of Kazakhstan

Some issues of the labor security and safety